



Небесаева Ж.О

PhD докторы, кафедра меңгерушісі

НЕБЕСАЕВА ЖАНАР ОРЫНБЕКОВНА,

Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Өнер және білім факультеті, "Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері" кафедрасы

2014 жылдан бастап - осы күнге дейін Ж.О. Небесаева Шымкент қаласындағы, ОҚМПУ-інде Өнер және білім факультетінде жұмыс атқарады.

Ж.О. Небесаева ЖОО-да 10 жыл жұмыс өтілі бар. Жұмыс істеген уақытында білім беру саласындағы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға және қайта даярлауға үлкен үлес қосты.

Оқу процесінде проблемалық дәрістер, электрондық тестілеу, виртуалды жұмыстар сияқты оқытудың инновациялық әдістерін, бейне презентациялар мен электрондық тақтаны, сондай-ақ курс тақырыптары бойынша бейне дәрістерді қолданады.

Ж.О. Небесаева ғылыми қызметпен белсенді айналысады, сондай-ақ ҚР БҒМ қаржыландыратын бірқатар жобалардың аға орындаушысы болып табылады:

1. Жоғары көркем білім берудегі "Мәңгілік ел" идеясы аясында ұлттық сана мен мәдени құндылықтарды жаңғырту" (2018-2020).
2. Дәстүрлі және қазіргі заманғы ұлттық көркемдік білім беру өнеріндегі экодизайн эволюциясы (2020-2023).

Сондай-ақ бастамашыл ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетекшісі болып табылады:

1. Көркемдік-технологиялық қызмет процесінде болашақ мұғалімнің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру тиімділігінің тарихи және логикалық тәсілдері 2019-2022 жж.

2. Орта буын оқушыларында (7-8 сыныптар) химия пәнін оқытуда артпедагогиканы қолдану 2019-2022 жж.

3. Артпедагогикадағы қазақ музыкасының эстетикалық көрінісі 2019-2022 жж.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша 100-ден астам ғылыми жұмыстар жоғары ұлттық аттестаттау комиссиясы ұсынған ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдарда және Scopus, Thomson Reuters, Web of Science базасына кіретін шетелдік журналдарда, сондай-ақ ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінің жинақтарында және т.б. жарияланған.

Сондай - ақ 03.11.2020 ж. Небесаева Ж. О. 6D 010300 - Педагогика және психология, 6D 010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша (03-05/370 бұйрық, құжат қоса беріледі-1 қосымша) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі болып табылады.